

ОҚИТЫН ҰЛТ БАРДА ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ МӘҢГІ ЖАСАЙ БЕРЕДІ

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

16 сәуір
сейсенбі
№30 (2040)
2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

15 сәуір күнінің ұлт тарихында орны бөлек. 1925 жылдың 15 сәуірі ұлт атауын қайтарған әрі Ақмешітті Қызылорда деп атаған съезд басталған күн ретінде тарихтан белгілі. Сондай-ақ кейінгі жылдары бұл күн «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» ғашықтар күні ретінде аталып жүр. Ал Сыр журналистикасының тарихында бұл күн аймақта тәуелсіз газеттің алғашқы қарлығашындай болып келген «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққан күні. Оқырман қолына тиген күннен бастап ұлттың үні болған басылымның жарыққа шыққанына биыл 30 жыл толып отыр.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Биыл қалада жалпы ұзындығы 46,234 шақырымды құрайтын 35 көшеге орташа жол жөндеу жұмысы жүргізілуде. Қазіргі таңда аталған 35 көшенің ішінде С.Мұқанов көшесіне орташа жол жөндеу жүргізіліп, пайдалануға берілсе, Қазақстан көшесі де жөндеуден өтуде.



ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Яссауи көшесі жаңа кейіпке енеді

Аймақ басшысының қолдауымен қалада ауқымды жұмыстар басталды. Соның бірі – Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғыртуға арналады. Яғни ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақты болып өзгертіледі. Жаюу жүргізушілер жолы түсіп, толығымен жарықтандырылады.

Аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 6 наурыздан бастап «Қыран» ЖШС-мен жүргізілуде. Жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмысы күз айларына дейін аяқталады. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойы қосымша абаттандырылады.

Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаюу жүргізушілер жолы салынады. Бұл көше халыққа қолайлы болуымен қатар, Қызылордаға жеткен пойыз жолаушыларының қаланың көркі, тазалығы туралы алғашқы пікір қалыптастырады. Осылайша қаланың орталық көшелері ғана емес, шет аймақтағы көшелер де кеңейтіліп, көркейтіледі.

Қос даңғылды байланыстыратын жаңа көше

Н.Назарбаев даңғылынан («Сыр самалы» кешенінің жанынан) Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейінгі аралыққа жол салынууда. Ол көше Сыр самалы деп аталады. Жақында қала әкімі аралау барысында осы көшенің жұмыс барысымен танысқан болатын.

– Қазір қалада 35 көшеге орташа жөндеу, 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар арасында төрт жолақты етіп, қайта жөндеуден өтетін көшелер де бар. Оған қоса бір көше жаңадан салынууда. Ал Сыр самалы көшесі салынып біткен соң оның айналасын да реттеу жұмысы жүргізіледі. Себебі көше жиегі күл-қоқысқа толы және қамыс өскен. Жарық бағаналары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ қаналға жақын болғандықтан мал қора салып, мал өсіріп отырғандар да бар. Бірақ алдағы уақытта заңға сәйкес оның бәрі алынады, – дейді қала басшысы.

Көше екі жолақты болады. Жарықтандыру мен жаюу жүргізушілер жолы қайта жүргізіледі. Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС жобаны қыркүйек айында аяқтауды жоспарлауда. Бұл жобаның мақсаты – қала орталығында көлік кептелістерін азайтып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау.

Көшербаев көшесі жаңғыртылуда

С.Бейбарыс көшесі мен Астана даңғылының аралығын байланыстыратын Е.Көшербаев көшесі 4 жолаққа кеңейтілуде. Жоба аясында лотоктар ауыстырылады. Жарық шамдары жаңаланып, жаюу жүргізушілер жолы түседі. Жоба құны – 434,4 млн теңге. Ал қайта жаңғырту жұмыстарын «УАД» ЖШС атқарауда. Мамандардың айтуынша, көктемде жөндеу жұмысы басталған көшелер толығымен күзде аяқталады деп жоспарлануда.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер қала әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды



Ұлт жанашыры болған Әділхан Бәймен, Аманжол Сақыпұлы, Дүйсенбек Аяшұлы секілді ағалар іргесін қалаған «Ақмешіт апталығы» газеті осы жылдар ішінде биік белесті бағындырып, өмірдің талай бұралаң жолдарынан сүрінбей өтіп оқырманға жақсы дүние ұсынып келеді. Басылымның 30 жыл ішіндегі тарихы бұған дейін де жазылып жүр, оны бүгін қайталағымыз жоқ.

Газет туралы айта бастасак әрдайым алдымыздан көздең шыға келетіні – «Газет оқыла ма?» деген жаттанды сұрақ. Жаттанды болса да, көкейтесті. Әрине, технократтар ғасырында әлемнің түпкір-түпкіріндегі жаңалықтың өзі алақандағы смартфонда сайрап тұр. Жаңалық желдей ескен заманда «қайтсек те газет оқуымыз керек» деп кері тартып отырмайтынмыз тағы белгілі. Енді қайтпек керек. Бүгінгі баспасөзге де уақыт жылдамдығына ілесуі қажет. Жаңа технологияны газет өндірісіне, жаңалық таратуда тиімді пайдалана алсақ, ұтқанымыз. Соңғы жылдары «конвергентті журналистика» ұғымы жиі айтылып жүр. Яғни оқырман, тыңдарман, көрерменнің ыңғайына қарай медианың өзара бірігуі – уақыт талабы. Расында, газет тілшісінің бір апта бойы ізденіп, зерттеп жазған көлдей сараптамасын газетке жариялап қоюмен іс бітпейді. Әрі қарай сапалы өнімді оқырманға ұсына білу керек. Ал оқырманның басым бөлігі қазір әлеуметтік желілерде отыр. Демек, газетті оқытуға мүмкіндік бар. Қызықты мақала дайындауда түсірген видеоны немесе сұхбаттың үзіндісін әлеуметтік желіге жүктеу арқылы газетке оқырман тарта

білу, басылымды оқуға қызықтыра білу журналистің біршеберлігі. Яғни конвергентті журналистиканың негізгі мақсаты да осы. Бұл орайда «Ақмешіт апталығы» газеті уақыт талабына ілесіп келеді. Бүгінде кез келген оқырман газеттегі мақаланы оқи отырып, қолындағы смартфонна QR кодты сканерлеу арқылы видеоны тамашалай алады. Сондай-ақ журналистер әлеуметтік желісінде отырған оқырман сілтемеге өту арқылы газет сайтындағы мақалаларды оқи алады. Ең бастысы, жаңалықты жылдам әрі сапалы ұсыну. Оқырман үшін аудиторияны бос қалдырмау, сапалы да, шынайы ақпарат оқудың жолын ұқсау. Әрі қарай таңдау талғампаз оқырманның өз еркінде. Бүгінде «Ақмешіт апталығының» инстаграм желісіндегі парақшасына жазылушылар саны 100 мыңнан асуы баспасөздің жаңа технологияны пайдаланып, оқырман сұранысына сай жұмыс істеуінің бір нәтижесі. Газеттің мерейлі жылындағы оқырманға ұсынған тағы бір жаңалығы – жасанды интеллект оқудың жолын ұқсау. Бүгінгі жасанды интеллект арқылы хабар дайындауға қызығушылық артқан сәтте газет оқырмандары үшін жаңа технологияны игілігін көрсетуге ұмтылды. Сөзімізді түйіндей келе, «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы ұсымызда ұстап тұра алмайтын уақыт көшінен қалмауға тырысып, газеттің өміршен болуына аянбай еңбек ете береміз дегіміз келеді. Ал оқуға құштар оқырман барда газет мәңгі жасай береді.

Гүлмира ДЛДӨБЕКОВА

ҚАРЫЗҒА БАЙЛАНҒАН ЖАСТЫҚ ШАҚ



Бүгінде бәрін басында несие бар. Тіпті студенттердің қарызы жетерлік. Осы күні елдегі 500 мыңға жуық студенттің несие бар. Оның 47 мыңы – проблемалық несие. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, бұл тізім жылдан-жылға ұзарып келеді. Расында, агенттіктің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда 21 жасқа толмаған 10 мыңға жуық жастың басында несие бар, олардың қатарында студенттер де аз емес. 4,7 мың студенттің несиесі

уақытылы төленбей, ол өз алдына бір мәселе болып тұр. Жастардың мұндай мәселесі барын тіпті олардың ата-аналары мен бауырлары да біле бермейді. Үй ішіне білдіртпеймін деген студент «несиемді жабамын» деп, тағы несие немесе қарыз алып жатады. Қарыздан құтылу үшін букмекерлік мекемелерге бәс тігіп, одан ломбарда бас сұғуға мәжбүр болады. Өзімен қоймай, достарының сеніміне кіріп, оларға да несие алдырған оқиғалар аз емес.

Кешегі студенттер кітапханаға асығатын

Әңгімені өзімен бастасам, мен 2000-2004 жылдары аралығында студент болдым. Сабақтан кейін үйге бірден қайту деген ойымызда болмайтын, біз кітапханаға асығатынбыз. Жұмыс дегенді ойламадық та, бірақ арамызда жұмыс істеп жүрген достарымыз болды. Содан менің де жұмыс істегім келіп, ата-анаммен ақылдасқаныма, айтқан сөзі әлі есімде қалыпты.

– Қызым, жастық шақ – ең әлемі кезең. Сондай керемет кезді жұмыспен емес, студенттік өмірдің қызығымен өткізген дұрыс. Жұмыс істеп үлгересің. Тек өмір берсін, – деді анам. Расында, анам айтқандай, біздің студенттік өмір қызықты сәтке толы өтті. Дәл сол жылдары біз несие дегенді білмедік. Ал бүгінгі студенттердің жайы қалай?

Бүгінгі студент жұмысқа асығады

Иә, қазіргі студенттер сабақ аяқталысымен үйге де, кітапханаға да емес, жұмысқа кетеді. Жұмысқа асығатындардың қатарында И.Әбдікәрімов атындағы агротехникалық колледжінің студенті Ақару Маратқызы да бар. Ол сабақтан кейін мейрамханаларда даяшы болып жұмыс істейді. Себебі алған несиесін өтеуі керек.

– Сабағымды жақсы оқимын. Бірақ арасында жұмыс істеуіме тура келеді. Өйткені екі жылға «Айфон» ұялы телефонының соңғы үлгісін несиеге алдым. Шәкіртрақы алатын болғандықтан банк несие берді. Мұны ата-анам біледі. Алайда оларға салмақ салмайын деп, өзім жұмыс істеп, несиемнің ай сайынғы ақшасын табуға тырысып жүрмін. Мен сияқты жұмыс істейтін студенттер көп. Сондықтан қазір несие төлейтін студенттерге таңғалмаймын, – дейді Ақару.

– Сонда кітапханаға кімдер барады? – деп сұрадық кейіпкерімізден. – Кітапханаға қарызы жоқ жастар барады. Ал біз жұмыстан босаймыз. Оның үстіне кітапханадағы бар мәліметті интернеттен де табуға болады, – деп жауап берді Ақару.

4-БЕТТЕ

ҮЗДІК ПОСТ, ҮЗДІК РИЛС немесе жылдам және сапалы ақпарат



Мерейлі мерекеде оқырмандарға әлеуметтік желінің мүмкіндігін пайдалануды ұсындық. Ауыл шаруашылығы саласында өзіндік орны бар, елге белгілі «Абзал иК» толық серіктестігінің және газеттің 30 жылдығына орай «Инстаграм» әлеуметтік желідегі парақшада үздік пост, рилс байқауын жарияладық.



Бұл орайда оқырмандар да тосылып қалған жоқ. Ауыл шаруашылығы саласында үздік мекеменің тыныс-тіршілігін, саланың көп адам біле бермейтін жаңалығын ашып көрсетуге ұмтылғысы, сондай-ақ «Ақмешіт апталығы» газетінің ұстанымын, өзгелерден ерекшелігін атап көрсетуге тырысқан байқампаз оқырмандарымыз көп екенін байқадық.

4-БЕТТЕ

IT-ТІЛШІ

Бүгінде баспасөздің құлдырауын цифрлық дамумен байланыстыратындар көп. Технология дамыған сайын адамдар жаңалық білу үшін цифрлық ақпарат құралдарына көбірек жүгінеді. Интернет

ГАЗЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ БАР МА?

немесе мобильді құрылғылардың жетілуі де жаңалықтарға қол жеткізуді оңай әрі

ыңғайлы етуде. Бұл газет сатылымының төмендеуіне әкелді.

2-БЕТТЕ

«Ең әуелден қазақтың тілін ту етіп, оның тазалығын



ГАЗЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ БАР МА?

Бүгінгі тұтынушылар жаңалықтарға жылдам және оңай қол жеткізгісі келді. Ал цифрлық медиа дәл қажеттілікті қамтамасыз етті. Медиа ландшафты айтарлықтай өзгеріс орын алып, цифрлық медиа жаңалықтар мен ақпараттың басым көзіне айналды.

Сонымен қатар әлеуметтік медиа мен онлайн жаңалықтар алаңының ұлғая басып, газеттерінің аясын тарылтты. Facebook және Instagram сияқты әлеуметтік платформалар көптеген адам үшін негізгі жаңалықтар көзіне айналған. Артықшылығы, жаңалық, мақала, шұғыл хабарды пайдаланушылар кез келген уақытта және жылдам ала алады. Мұндай сарынға ілесу үшін CNN және BBC News секілді медиа орталықтар өз интернет-жаңалықтарын қалыптастыруға дағдыланған.



Соңғы жылдары газет индустриясы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Әсіресе, жаңа бизнес үлгілерімен тәжірибе алмасу, жаңаша ойлау, инновация әлеуетін ескеру алдыңғы орынға шықты. Баста жарнамасы сияқты дәстүрлі кіріс ағыны құбылып, баспагерлер табыс табу үшін жаңа жолын зерттеуге көшті. Түрлі эксперимент арқылы хабар тарату әдісі, газетке жазылу тәсілі, БАҚ-пен серіктестік бағыттар жаңарғанын байқаймыз. Осы ретте бизнесті ескеріп, газеттерді цифрлық дәуірге бейімдеу рентабельділік әрі тұрақтылық көрсеткішін көтеруді негізгі жолына айналды.

Айта кетейік, газеттер одан әрі өркенде алатын сала – жоғары сапалы журналистика мен зерттеуге баса назар аудару. Себебі жалған жаңалық пен жалған ақпараттың көбеюі сенімді ақпарат көздеріне деген қажеттілікті арттырады. Ал нақты ақпарат беруші ролді газеттер атқара алады. Ал журналистик зерттеуге келсек, инвестиция салу арқылы газеттер маңызды оқиғаларды сарптап, тіпті билік басындағыларды жауапқа тарта алады. Журналистиканың бұл түрі оқырманның қызығушылығын арттырады.

Алайда онлайн-мазмұнды монетизациялау мәселесі газет индустриясына үлкен кедергі болуда. Сандық медиа аудиторияға кеңірек қолжетімділікті қамтамасыз еткенмен, олар баспа газеттеріндегі жарнамадан түсетін кірістің төмендеуіне әкелді. Табыстың жалғыз тәсілі ретінде жарнамалық модельге тәуелділік интернет-БАҚ-қа қызметін қолдау үшін жеткілікті табыс табуды қиындайтады. Нәтижесінде газеттер өздерінің онлайн мазмұнын монетизациялау үшін ақылы қызмет және жазылған сияқты жаңа кіріс үлгілерін жаңғыртуға тиіс. Газеттердің болашағы олардың осы өзгермелі тенденцияларға бейімделуіне және мазмұнын монетизациялаудың инновациялық жолдарын табуына байланысты болады.



Интернет пен әлеуметтік медиаға қарамастан, газеттер қоғамдағы орнын сақтап қалу мүмкіндігіне ие. Олар оқырмандарға терең талдау, сапалы журналистика және сапалы редакциялық процестерді ұсына алады. Сайын келгенде, газеттердің болашағы олардың жаңа жағдайларға бейімделуі, инновациялар енгізуі, аудиториясына сәйкес контент өндіруіне тәуелді.

Мәтін мен фото авторы МӘТІНБЕК

«АПТАЛЫҚТАҒЫ» ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕР ЕСІМНЕН КЕТПЕЙДІ



Менің журналистик қадамым Сыр елінің алғашқы тәуелсіз басылымы, ақпараттық-танымдық «Ақмешіт апталығы» газетінен басталды. Негізгі университеттің 2-курсанан бастап Қызылорда өңірі үшін ерекше басылыммен байланыста болдым. Осыдан тура отыз жыл бұрын редакция табалдырығын аттағанда алғаш рет ақын Дүйсенбек Аяшұлымен, одан кейін газеттің бас редакторының орынбасары Аманжол Сақыпұлымен, бөлім бастығы Нұржан Османовпен, Сабырхан Сейітбекулымен, фототілші Талғат Дәужігітовпен таныстым. Ол танысу да қызық болды. Газетке өлеңдерім шығып, соны атап өткен кез: жылы қабақ, ыстық тілек, еркін әңгіме. Сол күннен бастап жақынырақ білісіп, содан кейін газетке жазған-сызғандарымды апарып тұрдым.

Қолыма Қорқыт ата атындағы университеттің қызыл дипломымды алған сәтте жұмысқа шақырғандар көп болды. 1997 жылы Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Омаров қаланың ішкі саясат бөлімінің бастығы қызметіне шақырды. Ол кезде оқу бітіруіме екі айым қалған, әлі студенттің. «Сыр бойы» газетінің жанынан ашылған репортёрлер тобының жетекшісі болғаным, апта сайын екі-үш материал беріп, белсенділік танытқанымға байланысты ата басылым да жұмыс ұсынды. Қызылорда телеарнасына бастығы болып барған Серік Пірназаров та тілшілік қызметке шақырды. Өзім оқыған университеттегі ұстаздарым «осында оқытушы болып қалсаң, кейін кандидаттық қорғауына септігің тиеді» деп үгітті. Төрт бірдей жерден шақыру болса да, өзім үйренісіп қалған «Ақмешіт апталығы» газетін, ондағы азаматтарды қимай, осы редакцияда жұмыс істеуге қалдым.

Алғашында газеттің бас редакторы Әділхан Бәйменов әр түрлі жанрда тапсырма беріп, мені сынады. Сынынан сүрінбей өтіп, жұмысқа қабылдандым. Бір қызығы, қазір облыстық телеарнаның белсенді

тележурналисі Айнуір Тұңғышбаева екеуіміз бір күнде жұмысты бастадық. Маған бірден Дүйсенбек Аяшұлы тізгінден келген «Қуақы» эзіл-сықақ бетін жүргізуді тапсырды. Бұрын-сонды эзілді түртіп жазушы едім, бұл жолы сатираның ішіне кіруіме тура келді. Эзіл жазу ақпарат пен мақала жазудан басқа, стилі бөлек, сатиралық жанр. Содан қаламды сатира мен юморға батырып, эзіл бетін апта сайын шығарып тұрдым. Одан басқа сұхбат пен мақала жаздым, кейде аударма да жасадым. Оқырмандармен байланысымыз бір үзілген емес. 1999 жылы газеттің 5 жылдығын Н.Бекежанов атындағы театрда жоғарғы деңгейде атап өттік. Сыр көрермендеріне, өз оқырмандарымызға шығармашылық кеш сыйладық.

Біз жұмыс істей бастағанда газеттің жанрлық сипаты, стилділік ерекшеліктері өзгеше болды. Айнуір Тұңғышбаева қоғамдық мәселелерді көтерді. Кейіннен Роза Жолымбекова тілші болып орналасты. Эзіл жазудың шебері екен. Нөмір сайын қызықты эзілдерін оқырманға ұсынып отырды. Газеттің ұстанған бағыты белгілі, шығармашылық орта көңілді болған соң сол ортада үш жылдай бөлім менгеруші болып қызмет атқардым.

Апталықтың сол кездегі көптің көңілінен шыққан жанры сұхбат еді. Бірінші беттен басталып, ішкі беттерге жалғасатын әр саланың мәселесін қозғайтын сұхбатты оқырмандар күтіп отыратын. Тіпті, басылар немесе елге белгілі азаматтар «маған қашан кезек келеді екен?» деп, елендейді екен. Тіпті, Әдекен өлді ғұмыры айтып кездері болған. Мен де талай жандрмен танысып, талай басылардан, мамандардан сұхбат алдым. Сол кезінде адамдары сөзге берік, ашық, ажарлы, аңғал, таза көрінетін. Баспасөзге жанашырлар көп еді.

Аңғал дегеннен шығады, апталықта «Сөз-қазына» деген арнайы беттің тізгінісі де болдым. Ертеден келе жатқан ескі де есті сөздерді, шешен, билердің даналық сөздерін ел аузынан жинақтап жариялайтынмын. Бірде бір ауданға сапарға шығып, оқырмандармен кездесетін болдым. Содан үлкендері зейнетке шыққан, ақылы асқан бір адамды күттім. Мені қорғанып кейін «Сөз-қазына» бетін жүргізетін ағамыз қайда?» деп сұрады. «Менмін» десем, сенбейді. «Ол үлкен кісі болу керек, ескі сөзді сен қайдан білесің?» демесі бар ма. Түсіндіргеннен кейін барып сеніп, әңгімеміз жарасқан еді.

Содан бері журналистика саласында келе жатырмын. 2000 жылы жаңадан «Халық» газеті жарық көріп, мен газеттің бас редакторының орынбасары қызметіне келдім. Сол

кезде апталықтан түлеп шыққан Аманжол Сақыпұлы екеуіміз Әділхан Бәйменов бастаған редакциядан қол үзген жоқпыз. Әдекен «сендерді сағынып қалдым» деп, «Халыққа» келіп тұрушы еді.

«Ақмешіт апталығы» газеті үшін 2004 жылдың салқын күзі ауыр тиді. Газеттің негізін қалаған ағамыз, Сыр өңірі журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар, басылымның бас редакторы Әділхан Бәйменов дүниеден озды. Осы сәтте газеттің оқырмандарымен қайта қауышуына 1994-2000 жылдар аралығында басылымның бас редакторының орынбасары болған Аманжол Сақыпұлының демеуі болды. Ауыр сәтте мені кабинетіне шақырып алып: «Нұрлан, жағдайды түсініп отырсың. Әдекеннің жары бізге газетті шығаруға көмек сұрап келіп отыр. Біз Әдекен алдында шөкірттік міндетімді орындауымыз керек. Мен осы жылдың аяғына дейін, екі ай газеттің қаржылық шығынын көтерейін. Сен газеттің редакторы болып қызмет ет» деді. Мен алғашқы ұстазымыз ретінде екі ай газетті шығаруға келістім. Бірақ газеттің соңғы бетіне эзімді «бас редактор» деп жазуды аруақ алдында жөн көрмейтінімді айттым. Есесіне Әдекеннің аты-жөні ұмытылып қалмау үшін «Газеттің негізін қалаған Әділхан Бәйменов» деп жазуға келістік. Сол ұстаным осы күні де жалғасып келеді. Басылым өзінің алғашқы бас редакторын алып тастаған жоқ.

Сонымен екі ай бойы үзбей, газетті оқырмандарымен қауыстырып тұрдық. Газет жанапшырлары мен авторлары бұл ісімзге қатты қуанды. Жыл аяғында Аманжол Сақыпұлы Әділхан Бәйменовтің шығармаларын жинақтап, кітап етіп шығару жөнінде ойын айтты. Кітаптың редакторлық қызметін мойныма алғаннан кейін әңгімелері мен очерктерің алдыртып, «Белгі» деген атаумен 10 баспа табақ көлемде 100 дана кітап шығарып, сол жылдың аяғында ағамыздың жүз күндік асында отбасына табыстадық.

2005 жыл да келіп жетті. Біз келіскен уақыттың мерзімі бітті. Енді әрі қарай газеттің тағдыры қалай болмақ? Салмақ тағы бізге артылды. Бұл жолы «Ақмешіт апталығы» Аманжол Сақыпұлы басқарып отырған мекемеге өтті. Ол Әдекен жаққан оттың сөнбейтінін танытты. Мен ресми түрде бас редактор болып тағайындалып, сенім жүгін арқаға арттым. Ал газеттің жаңа құрамына тілектестік білдірген кезінде осы басылымда жұмыс істеген белгілі журналист Нұрділа Уәлиев оқырманның «Ақмешіт» іздеп жатқанын айтып, батасын берді.

Сонымен, біраз тәжірибем бар, жаным жақын басылымды қолға алғанда бірден

жоспар құрып, бастап кеттім. «Қуақы» эзіл-сықақ бетін жандандыра түстік. Газетте тұрақты беттерді дүниеге әкелдік. Жастар үшін «Толқын» деген бет ашып, жас журналистерді, студенттерді оқырман ретінде тарттық. «Тағлым» беті арқылы тәлім-тәрбиеге мойын бұрдық. «Таным» беті дүниетанымды кеңейтуге қызмет етті. «Алақай» балаларға арналған бет мектеп оқушыларының шығармашылығына арналды. Эзілдер мен әңгімелер тұрақты беріліп тұрды.

Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге күш салдық. Тарихтың парактарын ақтардық. Дала философиясына үйілдік. Газеттің жаңа авторлары да газет бетінде оқылатын материалдар жариялауда белсенділік танытты.

Уақыт зыммырап өтіп жатты. Газет Әділхан Бәйменовті бір сәт те ұмытқан емес. Туған күнін де, қайтқан уақытын да естен шығармай, газет бетінде естеліктер жазып тұрдым. Жалпы, өткенге қарап, бой түзеу, жақсыны көздеге жарату, үлкендерге құрмет көрсету – менің ұстанымым. Бірде облыстық ішкі саясат басқармасы журналистер мерекесі күніне орай спорттық жарыстар ұйымдастыратын болып, оған мені жауапты етті. «Арай-санрай» демалыс орнында спорттың әр түрін журналистер арасында сайыстар өтті. Мен жеңімпаздарды марапаттау сәтінде дүниеден өткен Сыр журналистикасының аға буын ардагерлерінің есімін жаңғыртуды ойлап, Әділхан Бәйменов, Есенкелді Шілдебәев, Бексейіт Шайланов атындағы сыйлық деп көптеген ағаларымыз есімдерін дипломдарға өз қолымен жаздым.

Өткен сәттер көп жайды еске түсіреді. Сыр өңірі журналистикасының қызығы мен шығынына араласқаныма отыз жылға қарады. Ал «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққанына биыл 30 жыл. Осы уақыт аралығында ақпарат айдыны талай өзгерістерді басынан өткерді. Журналистика жанаңа дамуға бет бұрды, салаға жана лек келді. Десек те, кешегі жазған-сызғанымыз, жарияланған дүниелеріміз газеттің тарихын жасады. Газет бетінде жарық көрген әрбір ақпараттан бастап мәселеге өзек болған макалалар өткен күннің белгісіндей болып қалды. Газет материалдары ақара түссек, Сыр бойы тарихына таптырмас деректі біз, журналистер, қалдырғанын мақтанышымен айта аламыз. Ал Сыр өңірі журналистикасында алғашқы тәуелсіз басылым ретінде «Ақмешіт апталығы» газетінің орны ерекше.

Нұрлан КӨБЕГЕНҰЛЫ,
газеттің 2005-2007 жылдардағы
бас редакторы

ҚОЛТАҢБАМНЫҢ ҚАЛҒАНЫНА ҚУАНАМЫН



30 жыл. Әрине, тірі жанның өмірінен алғанда бұл біреуге аз, біреуге көп көрінер. Ал Қызылорда қаласының төл басылымы, Сыр елі ақпарат айдынындағы тұңғыш тәуелсіз басылым «Ақмешіт апталығы» газетінің 30 жылдығы, бір қарағанда, бүгінгі технологияның дамып, интернет заманының алға озған уақытында басылымның осындай жыл оқырманының олжасына айналдыр келе жатқаны жаныңды жадыратады. Сонау 1994 жылдың 15 сәуірінен бері жарық көріп келе жатқан, Сыр еліндегі бас шаһардың бас газеті саналатын «Ақмешіт апталығы» – бүгінде қалалық статусы бар Қызылордадағы жалғыз газет.

Бұл басылымның орда бұзар жасқа дейінгі тарихы көптің көз алдында, талай айтылды деп ойлаймын. Газеттің негізін қалаған танымал қаламгер Әділхан аға Бәйменовтен қалған басылымның кейінгі тағдыры оның шәкірттерінің қолында болғаны да ақиқат. Айттылған ұсынысқа «Халық» газетінің сол тұстағы бас редакторы Аманжол Сақыпұлы адами түсінікпен қарамағанда, бұл күнде ақпарат айдынында «Ақмешіт апталығы» өзге басылымдармен бірге еркін жүзере ме еді, жүзпесе не еді, ол жағы беймәлім болатын-ды. Өйткені жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған газет-журнал болды ғой, қазір дені жоқ, ашылуынан жабылуы тез болған басылымдар да бар. Соған қарап отырып, кезінде Әдекендей ұстаздың шәкірттері тәуекел кемесінің ескегін қайта қолға алғаны өз қайырын беріп, бір басылымды сақтап қалғанына қарап шүкіршілік етеміз.

Иә, қазіргі уақытпен үндесіп, бойын да, ойын да, болмысын да түзеген, талай түлгеген басылымда қолтаңбамның қалғанына қуанамын. Газет тарихындағы үшінші бас редакторы екенмін. Ол кезде республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық «Халық» газетінде жауапты хатшы қызметінде едім. 2007 жылы «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторлығын «Халық» газеті бас редакторының орынбасарлығымен қоса алып жүрген белгілі журналист Нұрлан Көбегенұлы «Халық» газетіне бас редактор болды. Енді оның құйын менің кешіміме тура келді. Мен де қос қызметті қоса атқардым, әрине, ол айтуға оңай. Екі оттың ортасында қалғандай, «Ақмешіт апталығының» бас редакторы мен «Халық» газеті бас редакторының орынбасары болып жүріп, қай тарапқа басымды берерімді білмей, дүдәмал күй кешесін. Сонда да бойдағы жастық жалын, мамандыққа адалдық, ең бастысы, аманатқа қиянат жасамаудың жанкештілігімен екі жыл бойы газеттің мазмұнды шығуына үлкен үлес қостық. Біреу сенер, біреу сенбес, екі жыл бойы үш-ақ адам, өзім мен тілшілер Нағымжан Сауев, Гүлнұр Қаржаубаева (әрине, шығармашылық жағынан. – авт.) аптасына 8 бет газетті мақаламен толтырып, жарыққа шығарып келдік. Өз басым екі газетке бірдей мақала жазып, оқылымды газет шығару үшін тіпті үйде түнде де бала-шағам ұйықтап жатқанда компьютер пернетақтасын түрткілеп жататынымын. Расы сол, бүгінде осы салада келе жатқаным 30 жылға жақындап қалды, газет шынымен адамды «жеп қояды» екен. Қазіргі жас буынға айтсаң, мұның бәрі – ертегі. Адалын айтқанда, сол жылдары ауыр жүктін басым бөлігін жас журналист Нағымжан Сауев көтерді десек те болады, өткір, сыни мақала жазу, жиындарға да бару, керек десеңіз, кей мақалаға өзі қаламмен суретін де салып, айшықты етуді осы жігіт атқарды.

Қандай қызықты сәттер есте қалды деп сұрап жатыр ғой бүгінгі апталықтыңтар. Ол кезде бір жерде үш басылым – «Халық», «Ақмешіт апталығы», «Нұр» газеттерінің қыз-жігіттері бірге отырғандықтан, көбіне ортақ қуаныш пен реніш болады ғой. Ал «Ақмешіт апталығына» келсек, бір қызық осы Нағымжан ініме байланысты, әрі оның маған балдыздығы бар. Көбіне менен жұмыс уақытының аяқталуына 15 минут қалғанда сұранады ғой, менің қитығып қалатыным бар. «Нұреке, бір шаруам бар еді, шыға берсем бола ма?» деп жалынып жүргенде, сол сағат кешкі 18:00-ді көрсетеді. Үнемі солай қайталанатын, содан «Халықтағы» тілшілер, бүгінде белді тележурналистер Тәжмұрат Әлжанов, Әділбек Жаханов «Нағымжан, 15 минуттың несіне сұранасың, алтыда шыға бермейсің бе?» деп келеке ететін. Оған басқалар да күліп жатады.

Ал мына бір оқиға ортақ болған соң, Нұрлан Көбегенұлының редакторлық тұсында есте қалыпты. Оның үстіне шығармашылық топ бір кең кабинетте отырамыз. Ол кезде «Ақмешіт апталығында» Эльмира Бәшевә деген тілші болатын. Газетті беттейтін – дизайнер Міра Рахметова. Сондай газет беттеудің қарбалас кезеңі еді. Нұрлан әлгі Эльмираны газет беттеушілер бөлмесіне Міра аяғына жұмсайды. Соңғы бетке ішкім туралы бір эзіл әңгімеге салынатын сурет керек болады. Ол кезде интернет қолжетімді еместің, тек газет беттеушілердің компьютерлеріне жалғанған. Эльмира келіп Міраға: «Апай, сізде трусси бар ма?» дейді. Міра Мырзабекқызы сол кезде бірнәрсеге сіркесі су көтермей отырды ма, «жә!» деп айғайлап жібергені. Сонда да саспайтын Эльмира: «Апай, шынымен сізде трусси жоқ па?» дейді. Ал соны естігендер қыран-топан күлкі, сөздің барысын артынан бағамдаған екеуі де қосыла күлгені бар. Осындай кейбір өзге күлкі үйірер сәттер әлі күнге естелік болып айтылып жатады.

Жалпы, өзім бас редактор болған екі жылда басылымның әу бастағы ұстанымынан айныған жоқпыз. Тіл жанашыры болу, ұлт руханиятының жоқшысы қызметін атқара басты мақсатымыз болды. Авторлар тартып, Сыр өңірі мәдениеті, әдебиеті, руханиятына қатысты мақалалар жазып, оқылымды басылым жасауға тырыстық. Қалыптасқан дәстүр бойынша апта сайын «Таным», «Жас толқын», «Тарих», «Қуақы» деген арнайы беттер шығып тұрды. «Ұлттық мәселе», «Сөз қазына», «Ел есіндегі есімдер» айдарлары да газет жүгін көтерді. Сыр тарихы мен мәдениетінің мәңгіліктер көшінен көрінуіне үлес қосар басылымның қашанда бағыт-бағдары айқын болды. Келісті де, келбетті. Мақтанғанымыз емес, халық берген баға, оқырман ойы да – осы...

Міне, осындай тағдырдың талай тезінен өткен «Ақмешіт апталығы» газетіне 30 жыл болыпты. Сыр журналистикасының кәтегі қара нарларының қолтаңбасы, еселеңбегі қалған басылымда бүгінде сол отыз жылдан о жақ-бұ жағындағы жас қауым жүр. Олардың да аға буын қаламгерлердің ізін жалғап, барлық жағынан да өзгерген «Ақмешіт апталығын» Қызылорданың тыныс-тіршілігін бейнелейтін, елке тарихын шежірелеп, халықтың үні іспетті басылым болуы үшін еңбектеніп жүргені көңіл тоғайтады. Шығармашылық ұжым басылымның бұған дейінгі биігін аласартпай, қайта жана бір шыңға көтеретініне сенімдімін.

Мерейтойыммен, Қызылорданың газеті!

Нұржан НУРМАҒАНБЕТОВ,
газеттің 2007-2009 жылдардағы бас редакторы

сақтауды, беделін көтеруді мұрат тұттық».

(Әділхан БӘЙМЕН)



«Ақмешіт апталығы» газетінің негізінде қаладан «Қызылорда медиа» деген мекеме құрылайын деп жатыр. Соны басқаруға қалай қарайсың? Осылай деген Әбекең, белгілі журналист, медиаменеджер Аманжол Оңғарбаев шамалы уақыт ойлануға мұрағат берді.

«Ақмешіт апталығы» – Алматыдағы қызылордалық студенттердің қолынан көргелі бері оқып жүрген газетім еді. Кейін курстасымыз, қазақтың дарынды

ақыны Әділ Ботпанов басылым жұмысына бізді де тартты. Бірінші тапсырмасы үнді әйелдері киетін саридың тарихы туралы аударма еді. Жылдам орындап беріп, сол аптадағы нөміріне бір сөзі де өзгерместен шыққанына балаша қуанғаным естен кетпейді. Кейін «Хат» деген новеллам жарияланғалы жұмыстан кейін редакцияға бір соғып кететін әдет тапқанмын. Басылымның негізін қалаған

бағыты өзгеріп, «қалалық қоғамдық-саяси газет» болды. Үш ай табанымыздан тозып, түрлі мекеме аралап жүріп, қала әкімдігінің жанынан «Қызылорда медиа» кәсіпорнын құрдық. Бір-екі айдай «Халық» газетімен бірге отырып, кейін қала әкімдігінің іргесінен қоныс тептік. Бізге тиген ғимарат ескі екен, жөндеуге қаражат қаралмағандықтан сенбі, жексенбі күндері келіп, барлық кабинетті әктеп, сырладық.

Арнайы беттер жасалдық. Қыз-жігіттеріміз елді елденетер жаңалық естисе, соны газетке салуға ұмтылып тұратын.

Мына бір оқиға естен кетпейді. Қыстың күні жылуға жауап беретін мекеменің дәл алдындағы құбыр жарылып, үй орнындай мұз пайда болыпты. Соны әбжіл жігіттеріміз түсіре салып, газетке салып жібердік. Әрине, соны айкайға ұласты. Осыған дейін редакцияның қайда

ӘР ҚАДАМЫНА ҚУАНАМЫН

тамаша журналист, мықты ұстаз Әділхан Бәйменов ағамыз бақилық болғанда әріптесінісі Аманжол Сақыпұлы қазақтілді тәуелсіз басылымдар арасында алғашқы қатарда тұрған «Ақмешіт апталығын» аға аманатындай көріп, жабылудан аман алып қалып еді.

Сонымен не керек, 2011 жылы «Ақмешіт апталығы» газетінің редакторы қызметіне кірістім. Бұл ҚР Байланыс және ақпарат министрлігіне қайта түркіелген «Ақмешіт апталығы» газетінің тарихындағы екінші кезең еді. Басылымның құрылымы мен

Қазір «Жас алаш» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Нұрбек Дәуренбек, осы күні ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің қызметкері Ерқанат Сәрсенбайұлы үшеуіміз ауладағы жерді аударып, бас есепшіміз Роза апай, қыздарымыз Мира, Ақтолқын, Айттолқын, Әйгерім, Гүлбанулар ол жерге жайқалтып гүл екті.

Газеттің дизайнын өзгертіп, түрлі-түсті форматта шығара бастадық. Қалада атқарылып жатқан жұмыстарды кеңірек көрсеттік. Мәселен, «Бүгінгі мен бұрынғы», «Сырт көз» айдарлары жарыққа шықты.

екенін білмейтіндер жұлқынып жетті. Көп ұзамай жаңағы жер тап-тұйнақтай болып тазаланып тұрғанын көрдік. Аз уақыт ішінде газет таралымы 1,5 мыңнан 5 мың данаға өсті.

Апталықты қазір де тұрақты оқып тұрамын. Ұжымды басқарып отырған әріптестердің жаңалығына, газеттің әр қадамына қуанамын.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
газеттің 2011-2012 жылдардағы
бас редакторы



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШЫ

Бас редактор марқұм Әділхан Бәйменов негізін қалаған алғашқы тәуелсіз басылым «Ақмешіт апталығы» газетіне – 30 жыл.

Елге етене Егемендік ауылы,
Енгенімен жағдайдың еді ауыры.
«Туған күні есімде тұңғыштың»,
Түйтілге толы тоқсан төрттің сәуірі.

Сол кезде сонау сәуірдің тимей салқыны,
Тарих, тағылым, бәрін газет қамтыды...
Аймақта болып жақсылықтың жаршысы,
Жаналықтармен риза етті жалпыны...

Есігін елге айқара ашты «апталық»,
Көп дүниелер жадыма қалды жатталып.
Баспасөздің негізін баста қалаған,
Бас редактор санамда қалды сақталып.

Басылым болды Тәуелсіз көшін бастаған,
Сол кездегі қиындықтардан қашпаған.
«Апталықтан» қияға ұшты, қанаттап,
Отыз жылда талантты талай жас қалам...

Болғанмен уақыт ойлы-қырлы, бедерлі,
Қаржы да тым қолбайлау болмай кедергі,
Азаматтардың арқасында «апталық»,
Бүгінде бұл басылым болды беделді.

Қамтыды қала-даланы,
Сан түрлі алуан саланы...
Оқырман іздеп оқытын,
Төрткүлге кетті тарамы...

Кездер де болған бүрмелі,
Кезеңнен өткен күрделі.
Отыз жылда орнығып,
Ұжым болды іргелі.

Ұжымға аманшылық, шалқар шабыт, шығар-
машылық табыс тілейміз.
Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ



«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» АРНАУ

Тарихи сындардан да сүрінбеген,
Адамзаттың ең асыл қазынасы.
Ат қойып, «Ақмешіт» деп айдар тағып,
Тілімді тірілтерлік іс бастады.

Көрініп заманының қас төрінен,
Отыз жылдық асырдың отты өрінен.
Ел-жұртың ер еңбегін келді оқып,
Өзінің сырға толы беттерінен.

Көп көздерден қаралып,
Талай еңбек бар анық.
Қолдан шыққан әр әріп,
Күллі әлемге таралып.

Басылым, талмай-тынбай, тыншымағың,
Аралап туған жердің жүрші бағын.
«Ақмешіт», тойын мәңгі тарқамасың,
Жаныңның шашу етіп нұр шуағың...

Нүргүл ТӨЛЕУБАЙ,
кітапханашы

МӘРТЕБЕҢ БИІКТЕЙ БЕРСІН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ!»



Биыл Қызылордадағы қалалық статусы бар жалғыз басылым – «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көріп келе жатқанына 30 жыл толып отыр. Бұл газетте бізге дейін де талай мықты жұмыс істеген, бізден кейін де оқырман сұранысына сай еңбек ететін небір дарындар басылым айналасына топтасады деген үміттеміз. Мерекелік санға жүрек түкпіріндегі естеліктерді жазып отырмыз.

Дәулет, қысқа айтшы...

Өңімені газеттің бүгінгі редакторы Гүлмира Ділдәбековадан бастайық. Гүлекеңнің аз сөйлеп, көп жұмыс істегенді ұнататынын оны танытандар жақсы біледі. Онымен сөйлескенде басшысы болсам да өзім де анық, нық әрі қысқа сөйлеуге тырысатынымын.

Дәулет Қырданның қалалық газетке енді ауысып жатқан уағы еді. Кабинетімің есігін қағып, кіруге рұқсат сұрады.

Ол кірген бойдан:
– Ассалаумағалейкум, ағасы,
Алтын тонның жағасы.
Саған сәлем беріп тұр,
Қоғалықөңдің баласы, – деп өлеңдете жөнелді.
Екеуіміз осылайша арқа-жарқа болып амандасып, үстел басына жайғастық.

– Басқа әріптестеріңмен амандастың ба, – дедім орындыққа отырар-отырмастан.
– Иә, – деп жауап қатқан ол маған дейін Гүлмира Ділдәбековаға соққанын айтты. – Гүлекең қатал екен ғой, өңімені енді бастап жатыр едім, «Дәулет, қысқа айтшы...» демесі барма, не дерімді білмей қалдым. Тіпті не айтқаным да есімде қалмады, – деді кібірткітеп.

– Гүлмира – істің адамы. Менімен амандасқаның сияқты өлеңдетіп бармаған боларсың? – дедім селкілей күліп.
– Жоға, сонда да көп сөйлеп кеттім-ау деймін, – деді Дәулет те күлкісін тыя алмай.

Апам өлеңге сусап қапты ғой...

Биыл 8 наурыз мерекесіне орай Тасбөгеттегі «Карамель» дәмханасына ұжымның қыздары үшін арнайы дастарқан жайдық. Редакцияда еркек кіндіктен Дәулет екеуіміз ғана. Қыздар жағы баршылық.

Дастарқан басында әдемі тілектер мен естеліктер айтылды. Газеттің 30 жылдығына байланысты ұйымдастырылатын шаралар да өңіменің арқауына айналды.

Бұл уақытта Гауһар Қожахметова апайымыз еңбек демалысында болатын. Мерекелік дастарқанға көтеріңкі көңіл-күймен келген ақын апамыз отырысымыз аяқталғанша өлең оқыды. Сондай сәттің бірінде «апам

өлеңге сусап қапты ғой» дедім, өңімеге қалжыңды араластыра. Содан бәріміз қыран-топан күлкіге қарық болдық та қалдық.

Иә, орайын тауып айтқан сөздің еш сөкеттігі жоқ. Тек дер шағында, керек жерінде айтыла берген. Әйтпесе, Гауһар Қожахметовадай қарымды қаламгерге мұндай сөзді айту қайда-а-а...

Осы күнгі отырысымыз өте керемет өтті. Арасында Дәулет те өлең оқып, қыздарға арнау шығарып үлгерді.

Өз газетім өзіме ұнайды

«Ақмешіт апталығының» беттеушісі, дизайнер Мира Рахметованың да талай жерде тауып айтқан сөзі бар.

Бірде газеттің дизайнына байланысты өзгеріс енгізуді ұсындым. Қалалық газеттің тізгінін енді ұстап жатқан шағым ғой. Бойда энергия деген тасып тұр. «Ақылым басыма сыймай тұрған» сондай бір шақта басылымның қаріптеріне дейін өзгерту туралы тапсырма бердім. Мира апай жай ғана жымды да: «Өз газетім өзіме ұнайды» делі сабырлы кейіппен. Қалалық газеттің оқырманға жақсы таныс, өзгертуге болмайтын тұстары бар екенін сонда түсіндім.

Ақтолқыннан таң атпай хат келді

Ақтолқын Нұрлыбайды Сыр өңірінде бірталай кісі таниды. Ол – газет арқылы танылып, белгілі болған журналистің бірі. Газетке мақаласы шығатын болса, соның суретіне дейін өзі дайындап, қатесін қайта-қайта тексеріп оқиды. Мұндайға қалай сүйсінбейсің.

Ақтолқынның өзінен бұрын мақаласы келеді. Өзі үйінен шықпай тұрып, электронды поштасы арқылы мақаланы жөнелтеді де, әріптестеріне шығарып, маған болмаса орынбасарыма беруді мықтап тапсырады. Ерте келген адам Ақтолқынның материалын шығарып, редакциялық жұмыс үшін өткізе береді. Сондайда Гүлмира Ділдәбекованың «Ақтолқыннан таң атпай хат келді» дейтіні бар.

100 мыңға жеткенде төрт әкелесіңдер

«Ақмешіт апталығында» Айдана Сейіл мен Нәзира Мұқатаева есімді қыздар бар. Екеуі қазір сайттың жұмысын жандандырып, әлеуметтік желідегі парақшаларды дамытып отыр.

Бірде алдағы жұмысты жоспарлау мақсатында жиналыс жасап жатқан едік. Ондай сәтте осы жұмысымыз бен нәтижелі жұмысымыз міндетті түрде айтылады. Содан Айдана мен Нәзираның жұмысын мақтап, инстаграмдағы оқырман саны 50 мыңнан асқанын жеткіздім. Сол-ақ екен: «100 мыңға жеткенде төрт әкелесіңдер», – деді Айдана бәрімізді күлкіге бөлеп.

Қазір қалалық газеттің инстаграмдағы парақшасы 100 мыңнан асып кетті. Ол межеге жеткенше менің де қызметім ауысты. Өздері айтқан әлгі тортты алды ма, алмады ма білмеймін, бірақ үздіктер ретінде облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының алғыс хатына ие болды.

Сайттың қаралымы «Егеменнен» асып кетті

«Ақмешіт апталығында» жұмыс істеген Жарасхан Қуанышбайұлы Қызылордадағы журналистік ортаға жақсы таныс. Бүгінде қалалық білім бөлімінің белді маманына айналған Жарасхан біздің басылымда жұмыс істеп жүргенде сайтқа жауапты болды.

«Сыр медиа» серіктестігіне қарасты газеттердің арасында өзара бәсеке бар. Газетке жазылған мақалалардың мазмұны, көтеретін жүгі сынды сайттың қаралымын арттыру да үлкен жарыс еді. Бір күн дұрыс жұмыс істемесең, сол аптадағы көрсеткішің күрт төмендеп кетеді. Мұны ақпараттық агенттіктерде жұмыс істейтін республикадағы басқа да

Әзіз БАТЫРБЕКОВ,
газеттің 2020-2024 жылдардағы бас редакторы

ҚАРЫЗҒА БАЙЛАНҒАН ЖАСТЫҚ ШАҚ

Агенттік төрағасы не дейді?

Оқуын бітірмей жатып, қарызға батқан жастардың санын азайту үшін оларға несие беру тәртібі өзгермек. Өйткені қазір кей банк 18 жасқа толғандарға жұмысы жоқ болса да тұтынушылық несие беріп келеді.

— Жастарға несие берудің динамикасын қарасақ, проблемалық қарыздардың үлесі артып келеді. Қазір 11 пайызға дейін жетті. Сол себепті енді жастар үшін несие беруді ресми түрде тіркелген табыстары, кірістері болса, тек қана сол кезде қаржы ұйымдары береді. Бұл 18-21 жас арасындағы азаматтарға арналған, — дейді қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілкасымова. Сонда қараңыз, аударымдары бар ресми табыс көздері расталған жағдайда ғана несие алуға болады. Яғни студенттер шәкіртакысы, жалақысы болса, несие ала алады.

Мәжіліс депутаттарының айтары бар

Биылдан бастап елімізде табыс көзін көрсететін құжатсыз жастарға несие беруге тыйым салынбақ. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев былай дейді.

— Несие беру кезінде банк қарызды кімдер алып жатқанына қарау қажет. Онда тиісті тармақ ескерілген. 21 жасқа толмаған адам онлайн-несие алу кезінде оны қай табыс көзі арқылы өтейтінін көрсетуі керек. Қазір ақшасы мен жалақысы болмаса да, бірнеше несие алып жатқан студенттер көп. Әрине, табыс көзі болмаса, несие өтей алмайтыны түсінікті жағдай, — дейді Б.Бейсенғалиев. Оның айтуынша, қазір студенттер бір несие алып, онымен екіншісіні жауып тастайды. Осылай қарыздары жинақтала беріп, бұған жол бермеу үшін тиісті шектеу қарастыру керек. Енді кірісті растайтын құжатсыз 21 жасқа толмаған адамға несие беруге тыйым салынады.

Парламент Мәжілісінің қарауына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы енгізілді. Бұл құжатта несие беру бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда азаматтарға жаңа тұтынушылық несие беруге тыйым салу, 90 күн кешіктірілгеннен кейін барлық несие бойынша пайыздарды есептеуге тыйым салу, банктер мен микроқаржы ұйымдарының коллекторлық агенттіктеріне азаматтардың несие беруді сатуына шектеу енгізу және тағы да басқа нормалар қарастырылған.

Сонымен бірге «Қазақстан Халық» партиясының депутаттары да қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігін тұрақты табысы жоқ студенттерге несие беруді шектеуге шақырды. Соның бірі — Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова.

— Микроқаржы ұйымдарында студенттерді несие беру өңірлерде өзекті мәселе. Студенттер, әсіресе үлкен қалаға оқуға келгендер, қарызды уақытылы өтей алмайды. Кейін толық жұмыс күніне жұмысқа орналасу және қарыздарын өтеу үшін оқуды тастауға мәжбүр болады. Сондықтан банктер мен микроқаржы ұйымдары қарыз жүктемесінің коэффициентін сақтауға міндетті, — дейді И.Смирнова.

Басы 1-бетте



21 жасқа дейін несие берілмеуі керек

Жалпы жұмысы жоқ студенттер үшін төлеу мерзімі өтіп кеткен берешектері реттеу тетіктері бар. Ол үшін студенттер банктерге немесе микроқаржы ұйымдарына арыз жазуы керек. Сонда оларға жаңа төлем кестесі жасалады. Ал сарапшылар болса, мәселені шешу үшін несие беру жасын шектеуді ұсынып отыр.

— Маған микроқаржы ұйымдары мен банктерге жарты миллион теңге берешегі бар студенттер келіп, жиі кенеседі. Ата-аналарына айтуға қорқады. Ал өз еркімен мәселені шеше алмайды. Сондықтан мен «21 жасқа дейін несие бермеу керек» деп есептеймін. Қазақстанның банк жүйесінде мұндай тәжірибе бұрын болған. Сондай-ақ тексеру кезінде табысы қарызын жабуға жетпейтін азаматтарға банктің қалай несие рәсімдейтіні түсініксіз. Жұмыс істесе де, істемесе де 21 жасқа дейін несие рәсімдеуді заң жүзінде шектеу қажет, — дейді банк мәселелері бойынша тәуелсіз сарапшы Нұржан Биқабас.

Студенттерге несие беруге қарсымын

Бұл — «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәменнің пікірі.

— Қазір елімізде несие 18 жасқа толған азаматтарға беріледі. Оның ішіне студенттер де автوماتты түрде кіреді. Өзім студенттердің несие алуына қарсымын. Неге? Өйткені студенттің аты айтып тұрғандай, қосымша табыс көзі жоқ, толық жұмыс істеуге мүмкіндігі де келмейді. Себебі сабақтан босамайды. Ол білім алуға уақыт жұмсауы қажет.

Бірақ өкінішке қарай, несие алып, қарызға батып жүрген студенттер саны баршылық. Көп жағдайда студенттер «өзім төлеймін» деп алады. Оны ата-анасы да білмеуі мүмкін. Төлей алмаған жағдайда үйінен, жақындарынан көмек сұрауға ұялады немесе қорқады. Нәтижесінде ата-анасы 90 күннен кейін төленбеген несие бар туралы қағаз келген кезде ғана біліп жатады.

Бұл жағдайда не істей аламыз? Қазір Қазақстандағы қаржы саласындағы түрлі заң жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Осы мәселені депутаттар қарауда. Заң бойынша несие 21 жасқа толғаннан кейін табыс табуға қабілеті жеткен кезде беруге болатыны айтылды. Сондықтан бұл — орынды көтерілген мәселе.

Осы кезде жастар үшін бірталай жобалар жүзеге асуда. Бірақ несие алып, оны төлей алмай, қара тізімге енген

студенттер ол жобалардың игілігін пайдалана алмай құр қалады. Екіншіден, жастайынан несиелік тарихы бұзылады. Мәселен, жеке кәсіппен айналысып, жеңілдетілген пайызбен несие алғысы келуі мүмкін. Өйткенмен осының бәрі алдынан келергі болып, шығын тұрады.

Жалпы біз несиеге құрал деп қарауымыз қажет. Жастар сол құралды дұрыс қолдана алмаудың салдарынан осындай жағдайға тап болуда. Тағы бір мәселе, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар арасында 18 жасқа толған баласына несие алғызатындары да бар екенін естідім. Тағы да айта кетейін, ол баланы қарызға батырғаннан мәселе шешілмейді. Керісінше баласын өздері тығырыққа тіреп отыр, — дейді Б.Мәмен.

Баласының қарызын төлеп жүрген ана

Жоғарыда атап өткендей, кей студенттер өздері несие алып қана қоймай, достарын да жарылқап, кейін олардың төлемей кеткендері бар. Ал соңында оның зардабын ата-ана тартып отыр.

— Ұлым жоғары оқу орнында білім алады. Бірақ қосымша жұмыс істейді. Тапқан табысының арқасында бір несиесін жауып жүрді. Алайда жақында үйге соттан қағаз келді. Онда баламның несиесі төленбегендігі жазылған. Анықтай келе, баламның досына несие алып бергенім білдім. Несие көлемі 700 мың теңгеден асып кеткен. Осы кезде сол ақшаны өзім төлеп отырмын. Өйткені ұлыма несие алдырған досы басқа жаққа көшіп кеткен. Ол ақшаны төлеу маған да оңай емес. Өзімнің де төлейтін несие қарызым бар. Бірақ балам үшін бәрине барасым. Өйткенмен ана ретінде студент жастарға несие берілмесе екен деген ұсынысым бар. Студенттер ай сайын ақшаны қайдан тапсын? Олар бар уақытын оқуға арнауы керек, — дейді қала тұрғыны, көпбалалы ана Сәліма Берікова.

ТІЛШІ ТҮЙНІ

Расында, 21 жасқа толмаған студентке несие берілмеуі керек. Өйтпесе бүгінгі жастардың студенттік өмірі қарызға батып, қара тізімге еніп, жарқын болашағы бұлыңғыр бола тұсады. Ал оған кім кінәлі?

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөздерден алынды

44 жыл трактор тізгіндеген



Қазір қара жұмыс істеп, маңдайы терлейтіндер қатары кеміп келеді. Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүргенді қалайтқындар көп. Сондықтан алақаны бейнетпен ысталған замандастарымыз туралы жазу — ел Президенті де қолға алып жатқаны құптарлық дүние. Шынында, осындай дәрежеге жетіп, еліміздің өсіп-өркендеуінде қарапайым жұмысшылардың қолтанбасы басым. Жұмысшы мамандығын ата-ана үлгісімен жалғастырып еңбек адамы, механизатор Сәбит Қаратаев біздің әңгімесіміздің арқауы болмақ. Кезінде плотинаның алып құрылысы салынғанда әкесі Дәуіт, анасы Қағаз — сол құрылыста белсенді еңбек еткен елге сыйлы жандар. Сәбит Қаратаев 1961 жылы Тасбөгет қыстағында дүниеге келген. 1979 жылы ППТУ-152 училищесінде механизатор мамандығын бітіріп, сол жылы ПМК-29 мекемесінде алғашқы еңбек жолын бастаған. «Социалистік Еңбек Ері» Б.Серімбетов ұстаздық етіп, С-100, Т-130 маркалы тракторының жұмыс тәсілдерін меңгерген.

Сырдария ауданының күріш алқабында жерді дайындау, тегістеу, пайдалану жұмысымен айналысқан. Абыройлы еңбегінің арқасында 2 мәрте «Коммунистік еңбектің екінің бірі» төсбелгісімен марапатталған. Кезінде еңбек озағы жайлы баспасөз беттерінде мақала жарияланып, ел құрметіне бөленген.

Сондай-ақ еңбекпен есейген жан «ҚазСу шаруашылығы» Қызылорда облыстық филиалының «РемВод Проект» мекемесінде механизатор болған. Бұл мекемеде еңбек еткенде Арал мен Шардара ауданы аралығындағы су бөгетін, арналарын әр шаруашылыққа баратын су жолын, табан топырағын аршу, сыртқа шығару, арна жиегін көтеру жұмысын бульдозер, алып экскаватормен атқарған. Сырдария өзенінің 10 рет байлап бөгеп, Көктөбе үрмелі плотинасының, Төменарық су тоспасының күрделі жұмысында тынбай еңбек еткен.

Арал, Қармақшы, Жалағаш, Терөзек, Сырдария, Шиелі, Жанақорған ауданындағы су қашыртық арнасын топырақтан аршу, тазарту жұмысын жыл сайын атқарған.

Жемісті еңбектері еленіп, мекеме басшылығы атынан ақшалай сыйақымен, мақтау қағаздарымен марапатталған. Механизатор, тракторист деп ауызбен ғана айтуға оңай болар. Бірақ механизмнің әр тетігін тексеру, қалпына келтіру, ауа райының қолайсыз жағдайына қарамай оның сақалдай сай тұруын қамтамасыз ету екінің бірінің қолынан келе бермейтін ауыр жұмыс.

Ашық аспан астында мұздай құрсаған тракторды от алдыру — нағыз ерлікке пара пар. Тіпті су тасқыны қаупі туындағанда елдің осы азаматтарға сенім артыры анық.

Бейбіт заманның нағыз ерлігі — трактористер деп ауыз толтырып айтуға болады. Сәбит Дәуітұлы темір тұлпарды тізгіндегелі де арада 44 жыл өтті. Бұл — қиындыққа қасқайып қарсы тұрған еңбек адамының жарқын бейнесі. Бүгінде өмірлік жаны, ағайын-туыстың ұйытқысы Бақдәулетпен екеуі отбасының алтын дінгегіндей болып 6 процент және немерелер тәрбиелеп отыр. Бақыт бесігіндегі жандарға біз де бақ тіледік.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ


«Күріш хикаялары» атты рилс байқауына қатысқандардың айтар ойының түйіні — сапалы өнім қай кезде де сұранысқа ие. Бұл номинация бойынша жеңімпаз Мөлдір Қалдыбек сапалы күрішті тек тағам ретінде ғана емес, түрлі бұйым жасауға пайдалануға болатынын көрсету арқылы оқырманды қызықтыра білді. «Дикан және журналист» үздік пост байқауы да көп қызығушылығын туғызды. Тіпті «бұл тақырыпта сонда не жазамыз?» деп редакцияға хабарласқандар да болды. Дегенмен түпкі идеямызды түсініп, диканның да, тілшінің де көзге көрінбейтін машақатты жұмысын, қамбаға құйылған дән мен газетке шыққан әр мақалада маңдай тер, өлшеусіз еңбек бар екенін әдемі байланыстырып, шебер жеткізе білгендер болды. Әсіресе байқау жеңімпазы Гүлдана Жұмадинова

Басы 1-бетте

ҮЗДІК ПОСТ, ҮЗДІК РИЛС Немесе жылдам және сапалы ақпарат

жауынның дикан еңбегін еш ететіні, ал бір катенің өзі газетке қаншалықты зиян тигізетінін әдемі жеткізу арқылы қос мамандық иесінің көзге көрінбес еңбегін аша түсті. Ал «Мен Ақмешіт апталығы» газетінің оқимын» рилс байқауына қатысқандардың ішінде

жеңімпаз болған Әсел Жұмабек креативті идеясымен өзгелерден ерекшеленді. Орайы келгенде мерейлі жыл аясында ұсынысымызды қолдап, байқау үздіктерін бағалы сыйлықтармен марапаттауға демеуші болған «Абзал и К» компаниясына алғыс айтамыз.



Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Жауапты редакторлар орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Т.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Алғашқы 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру несіннің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2902 Тапсырыс №593

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА